

**«КОНФЕССИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ»  
МӘНІ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ:  
ТАЯУ ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІН  
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ\***

<sup>1</sup>*Нуров Мархаббат Мешиутбекович, <sup>2</sup>Алияров Есенжол Каниевич,*

<sup>3</sup>*Несипкалиев Даурен Еренғалиевич*

<sup>1</sup>*markhabat-nur@mail.ru <sup>2</sup>aliyarov56@mail.ru, <sup>3</sup>n.dauren89@mail.ru*

<sup>1</sup>*«Тұран» университеті (Алматы, Қазақстан)*

<sup>2</sup>*Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығы  
(Алматы, Қазақстан)*

<sup>3</sup>*С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ (Алматы, Қазақстан)*

<sup>1</sup>*Nurov Markhabbat, <sup>2</sup>Aliyarov Essenzhol, <sup>3</sup>Nessipkaliyev Dauren*

<sup>1</sup>*markhabat-nur@mail.ru <sup>2</sup>aliyarov56@mail.ru, <sup>3</sup>n.dauren89@mail.ru*

<sup>1</sup>*«Turan» University (Almaty, Kazakhstan)*

<sup>2</sup>*Kazakhstan center for humanitarian and political trends  
(Almaty, Kazakhstan)*

<sup>3</sup>*Asfendiyarov Kazakh National Medical University  
(Almaty, Kazakhstan)*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР. САЯСИ ҮРДІС

**Аңдатпа.** Мақалада конфессиялық демократияның мәні мен қалыптасу эволюциясы, оның дамуын айқындайтын процестерге ерекше назар аударылады. Себебі діни сәйкестілік пен саяси басқарудың тоғысуымен сипатталатын конфессиялық демократия поликонфессионалды ел үшін күрделі құбылыс болып табылады. Сонымен бірге, саяси, әлеуметтік және институционалдық факторларды көпөлшемді талдауға сүйене отырып, Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы конфессиялық демократияға салыстырмалы талдау жасалады, оның тарихи тамырлары, айырмашылықтары, қазіргі жағдайдағы динамикасы мен келешектегі даму бағыттары қарастырылады. Әрине, діннің саясаттағы рөлі, жаһандандудың әсері және саяси плюрализм мен саяси тұрақтылыққа ықпал ететін бірқатар негізгі үрдістер те бар.

Бүгінгі күнгі әлемдік геосаясаттағы ахуалды саралай келе, саяси модельдің мәні, эволюциясы және салдары зерттеледі. Тарихи мәнмәтінде, институционалдық динамикаға және қазіргі әлемнің түкпір-түкпірінде орын

\* Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыруы аясында дайындалған (BR21882428 «Постқалыпты кезеңдегі исламның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен болашағы: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі»).

алып жатқан оқиғаларға сүйене отырып, зерттеу конфессиялық демократияны қалыптастырудағы жалпы белгілерді, айырмашылықтарды және аймақаралық үрдістерді көрсетеді. Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы нақты мысалдарды талдау негізінде мақалада діни плюрализм жағдайында әртүрлі қоғамдарды басқарудың проблемалары мен мүмкіндіктері ашылады. Осыған орай, конфессиялық демократияның Қазақстан шындығындағы рөлінің кейбір маңызды мәселелері талданады.

**Түйін сөздер:** конфессиялық демократия, ислам, Таяу Шығыс, Орталық Азия, діни сәйкестілік, зайырлылық, саяси басқару.

### *Кіріспе*

Діни сәйкестілік пен саяси басқарудың тоғысуымен сипатталатын конфессиялық демократия діни әртүрлілікпен ерекшеленетін аймақтарда басқарудың маңызды моделіне айналды. Таяу Шығыс пен Орталық Азия конфессиялық динамика саяси процестермен қиылысатын екі бөлек, бірақ өзара байланысты аймақ. Осы күрделі екі аймақтардағы конфессиялық демократияға салыстырмалы талдау жасауға тырысамыз, оның мәні, эволюциясы және қазіргі таңдағы жағдайы мен саяси басқару үшін салдары зерттеледі. Дегенмен, біз өзіндік ұқсастықтары мен саяси режимдерінде ерекшеліктері бар екі аймақтың дін мен мемлекет арасындағы өзара байланысының түйінді тұстарына мән береміз. Себебі конфессиялық демократияның алғаш рет Таяу Шығыста қалыптасуы аймақтың діни және саяси ландшафтының әртүрлілігін көрсететін күрделі және үздіксіз процесс болып табылады. Аймақтағы тұрақты проблемаларға қарамастан, діни әртүрлілікті құрметтейтін және әлеуметтік келісімді насихаттайтын демократиялық басқаруды ілгерілетуге мүмкіндіктер бар.

Зерттеушілердің көпшілігі конфессиялық демократияның белгілі бір мемлекеттің саяси моделі ретінде Таяу Шығыстағы Ливанға жиі сілтеме жасайды. Бұл ресми түрде танылған елдегі он бір діни бағытқа (сүнниттер шииттер, марониттер, друздар, грек-православ, грек-католик, алауилер, армян православие, армян-католиктер, інжілдік протестанттар және еврейлер) бар көпұлтты және көпконфессиялы қоғамының сипаты. Сонымен бірге, Ливан аймақтағы соңғы христиан анклавтарының бірі және діндер өте нақты конфессиялық институционалдық шеңберде қатар өмір сүреді [1]. Сондай-ақ, елде басқа араб елдерінен әлдеқайда озық еркіндік, плюрализм және азаматтық құқықтар деңгейі бар [2, 12 б.]. Ұзақ жылдарға созылған Сириядағы азаматтық соғысқа және Таяу Шығыстағы Израиль-Палестина қақтығысына қарсаңында аймақтағы тұрақсыздықтың артуына қарамастан, Ливан тұрақтылықты, ішкі қауіпсіздікті және заңның үстемдігін сақтап келді. Дегенмен, соңғы жылдары Ливандағы саяси-экономикалық жағдай ушығып, осы демократияның түрі қызу талқыға түсе бастады.

Ал енді Орталық Азия аймағы да өзінің саяси тұрақтылығын барынша нығайтып, мемлекет пен дін саласындағы өзара байланысын үйлестірудің бағыт-бағдарларын шыңдауды тоқтатқан жоқ, оның да негізгі себептері бар. Ең алдымен осы аймақпен шекаралас Ауғанстанға 2021 жылы билікке «Талибан» діни-саяси қозғалысының келуі Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікке жаңа сын-қатерлер мен қауіптер кешенін қалыптастыруға түрткі болды. Оның ішіндеге остратегиялық, аймақтық-стратегиялық, аймақтық-экономикалық, аймақтық-қоғамдық, яғни рухани, идеологиялық, моральдық-психологиялық салаларда жаңа сын-қатерлердің пайда болу ықтималдылығын арттырды [3, 189-192 б.]. Осы орайдан алғанда, зерттеудің басты мақсаты – конфессиялық демократияның күрделілігі және оның әртүрлі қоғамдардағы өзектілігі туралы түсінігімізді тереңдету.

### *Зерттеу әдіснамасы*

Зерттеуді жүргізу барысында пәнаралық қағидатқа негізделе отырып, конфессиялық демократияның тарих, саясаттану, әлеуметтану және дінтану саласындағы әртүрлі теориялар мен тәсілдермен сәйкес келетін күрделі және көпқырлы тұжырымдамаларын пайдаландық. Конфессиялық демократияны түсінуге қатысты кейбір негізгі ұғымдар мен теориялардың ішінен демократияландыру теориясының мәні зор. Себебі, конфессиялық демократия демократияландыру үшін бірегей қиындықтар туғызады, өйткені ол діни сәйкестікті саяси плюрализм, азшылық құқықтары және дінді мемлекеттен бөлу сияқты демократиялық принциптермен үйлестіруді көздейді.

Батыс ғылымында, әсіресе 1970 жылдардың аяғында неміс тарихнамасында пайда болып, дамытылған «конфессияландыру теориясы» конфессиялық құбылыстардың ролін және олардың еуропалық ерте заманауи қоғамға әсерін қайта қараудың маңызды талпынысы болды [4]. Оны сол кездері В. Рейнхард пен Х. Шиллинг дамытқан еді, екі ғалымның пікірінше, еуропалық христиандық діни тұрғыдан көпше түрге айналған конфессиялық процесс әлеуметтік құрылымдарды трансформациялау мен модернизациялаудың өте маңызды элементі ретінде көрінді. Бұл теорияға сәйкес, ұзақ мерзімді келешекте мемлекеттің бюрократиялық аппаратын құруға, еуропалық қоғамның сауаттылығын арттыруға және барлық субъектілердің мәртебесін теңестіруге мүмкіндік беретін жоғары модернизациялық динамика жағдайында болды (ескі тұжырымдамаға қайшы). Сонымен қатар, бұл теорияны жақтаушылар үшін демократиялық қоғамның пайда болуы тіпті осы күрделі процестің салдары болды [5, 199 б.].

Осы жайында Х. Шиллинг былай деп жазады: «Ұзақ мерзімді перспективада конфессионализация ескі еуропалық қоғамды қазіргі заманға - әмбебап, плюралистік, либералды және демократиялық индустриалды немесе пос-

тиндустиалды қоғамға итермелеген ерте замандағы трансформациялық процестің қозғаушы элементтерінің бірі болды» [6, 18-19 б.].

Ал дін мен мемлекет арасындағы қатынастардағы саясатты зерттеу діни нанымдар, институттар мен тәжірибелер арасындағы саяси процестер мен басқару құрылымдарымен өзара әрекеттесуді зерделейді, оның ішінде діннің саяси мінез-құлықты, саяси институттардың діни сенім мен пікір білдіру бостандығына әсерін атап көрсетеді.

Саяси ислам теориясының тақырыпты ашудағы мәні бар, себебі діни қағидаттарға негізделген исламдық басқаруды орнатуға ұмтылатын бірқатар идеологияларды, қозғалыстар мен ұйымдарды қамтиды [7, 8]. Конфессиялық демократия ислами партиялар мен қозғалыстар мемлекеттік саяси процестеріне қатысатын және ислам құқығын (шариғат) басқарудың негізі ретінде қолдайтын мұсылман көпшілік елдердегі саяси исламмен қиылысады.

Ал зерттеудің әдістеріне тоқталатын болсақ, Таяу Шығыс пен Орталық Азия аймақтарының өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарына сәйкес, салыстырмалы талдау, тарихи, институционалдық құрылымдарды, саяси процестерді талдауды қамтиды. Салыстырмалы талдау екі аймақтардағы конфессиялық демократияның көптеген мысалдарын салыстыруға мүмкіндік береді. Жалпы белгілері, айырмашылықтар мен үрдістерін анықтай отырып, конфессиялық демократиялық жүйелердің сәттілігін немесе сәтсіздігін анықтайтын факторлар туралы түсінік береді.

### ***Таяу Шығыс және Орталық Азия: тарихи экскурс***

Таяу Шығыс пен Орталық Азияда конфессиялық демократияның қалыптасуы тарихи, мәдени және саяси факторлардың күрделі өзара әрекеттесуіне байланысты болды. Оның ішінде Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы ислам, христиан, иудаизм, буддизм және басқа діндерді қоса алғанда, әртүрлі діни және мәдени дәстүрлердің жергілікті халықтардың мәдениеті мен тарихында із қалдырғанын білеміз. Сонау Орталық Азиядағы ірі мемлекеттер, Моңғол, Осман және Ресей империяларынан келе жатқан тарихи империялар мен мемлекеттік бірлестіктер аймақтағы басқару құрылымдары мен діни динамикаға айтарлықтай ықпал етті.

XIX-XX ғасырлардағы отаршылдық пен империализм батыстық үлгідегі басқару модельдерін енгізіп, діни шиеленісті күшейтті. Бүгінгі күні біз куә болып отырған Таяу Шығыстың көптеген елдерінде ресми мемлекеттік діндер немесе дін мен мемлекет арасында тығыз байланысты қатынастар бар. Ислам өзінің әртүрлі конфессияларында көбінесе саяси институттарды, заңдар мен қоғамдық нормаларды қалыптастыруда орталық рөл атқарса, христиандар мен еврейлер сияқты мұсылман

емес азшылықтар тарихи тұрғыдан саяси өкілдік пен діни бостандық тұрғысынан қиындықтарға тап болды.

Саяси жүйелерге келсек, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдеріне тән авторитарлық режимдерді, монархияларды және гибриді модельдерді қоса алғанда, саяси жүйелердің үйлесімімен сипатталады. Дегенмен конфессиялық динамика саяси процестермен қиылысып, ал тіпті кейбір елдер діни азшылықтардың өкілдігін қамтамасыз ету үшін квоталар немесе он әрекет саясатын енгізеді. Мәселен Ливанда консоциалды саясат негізінде конфессиялық демократияның алғашқы негіздері жасалды. Елдегі әртүрлі діни топтар арасындағы билікті бөлу жүйесі ретінде анықталған азаматтық режим мен конфессиялық демократия арасындағы байланыстар орнатылды. Ал азаматтық режим конфессиялық демократияның саяси жүйесінің тұрақтылығына ықпал жасағандығын байқаймыз [9]. Сонымен бірге, ол саяси партиялар мен азаматтық қоғам ұйымдары көбінесе діни негізде жұмылдырылып, конфессиялық сәйкестіліктің саяси өмірге қатысуға әсерін көрсетті.

Орталық Азияға келетін болсақ, кеңестік мұраның негізі атеизм ресми мемлекеттік идеология бола отыра, Орталық Азиядағы діни тәжірибелер мен институттардың басылуына әкелді. Кеңестік зайырлылықтың мұрасы посткеңестік дәуірдегі мемлекеттік-діни қатынастар мен саяси динамикаға әсер етуін жалғастыруда. 1991 жылы кеңестік режим құлағаннан кейінгі уақыттан бастап Орталық Азия елдері саяси өзгерістер мен мемлекеттік құрылыс кезеңін бастан өткеруде. Оның әрбір Орталық Азия елдері үшін өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктерінен көруге болады. Оның ішінде конфессиялық динамика кеңестік дәуірдің зайырлы мұрасына қарсы шығып, діни сәйкестіктер қоғамдық салада жаңғыру процесін бастады. Осы жерде әрбір мемлекет үшін зайырлылықтың қай үлгісін ұстанып, оның келешекте саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін мәселелері әлі күнге дейін өте өзекті.

Орталық Азия елдерінде, әдетте, күшті президенттік басқарумен және шектеулі саяси плюрализммен сипатталатын авторитарлық саяси жүйелер қабылданды. Саяси билік конфессиялық әртүрлілікті мемлекет бақылайтын діни институттар, діни нанымдарды білдіру ережелері және діни ұйымдарды қадағалау арқылы басқаруға тырысады. Дін саласындағы конфессиялық саясат басқару құрылымдары мен саяси процестерді қалыптастыра отырып, жеке басының, ұлтшылдықтың және аймақтық тұрақтылықтың кеңірек мәселелерімен қиылысады.

Жарты ғасырдан астам уақыттан кейін, әсіресе соңғы онжылдықтарда Таяу Шығыстың кейбір елдері демократияландыру мен саяси реформалар толқынын бастан кешірді [10]. Себебі конфессиялық демократия плюрализмді, азшылық құқықтарын және саяси қатысуды ынталандыру арқылы діни сәйкестікті демократиялық басқарумен үйлестіруге тырысатын модель ретінде өз нәтижесін аша бастады. Дегенмен, демократияландыру

әрекеттері қиындықтарға соқтығып, соның ішінде қалыптасқан элиталардың қарсылығы, сектанттық келіспеушіліктер және сыртқы араласу әсерінен регреске түсе бастады. Бұл ең алдымен, Таяу Шығыстағы конфессиялық демократия көптеген мәселелерге, соның ішінде сектанттыққа, діни экстремизмге және авторитаризмнің теріс реакциясына тап болады. Сонымен бірге діни шиеленісті жоюға және инклюзивті басқаруға жәрдемдесуге бағытталған диалог, татуласу және саяси реформалар үшін мүмкіндіктер бар. Азаматтық қоғам өкілдері, діни көшбасшылар мен халықаралық ұйымдар конфессиялық демократия қағидаттарын ілгерілетуде және конфессияаралық ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарады.

### ***Конфессиялық демократияның институционалдық динамикасы: дін мен саясаттың арақатынасы***

Таяу Шығыста әдетте демократия туралы пікірталастар көбінесе қарапайым ерлер мен әйелдердің саяси бағдарларына баса назар аударады. Атап айтқанда, халықтық көңіл-күй мен наным-сенімдер демократияландыруға кедергі келтіре ме деген сұрақтар туындайды, және бұл өз кезегінде мықты сақталатын діни дәстүрлер демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасуына кедергі келтіреді. Бұл мәселеде, Орталық Азия елдеріндегі жағдай өзгешелеу, алайда, мұнда дәстүрлі қоғамның артқара қызметі мен сан ғасырлық мұрасы жаһандану, геосаяси жағдаяттардың салдарынан өзгерістерге де ұшырап жатады.

М. Тесслер өзінің «Таяу Шығыстағы ислам және демократия: діни бағдарлардың төрт араб еліндегі демократияға қатынасына әсері» атты мақаласында Палестинада (Батыс жағалау және Газа секторы), Мароккода, Алжирде және Египетте жиналған қоғамдық пікір деректерін пайдалана отырып, исламның демократияға деген көзқарасына әсері қарастырылады [11]. Араб ғалымдары жүргізген немесе олармен бірлесіп жүргізген сауалнамалар Египеттегі екі үлгіні қоса алғанда, барлық төрт елдегі ересек тұрғындардың салыстырмалы түрде үлкен және өкілді үлгілеріне басқару және демократия, сондай-ақ исламға қатысты тұжырымдамалар мен тәжірибелер туралы сұрақтарды қамтитын сұхбат бағдарламаларын ұсынды. Бұл деректер жеке талдау деңгейінде ислам мен демократия арасындағы байланыс мәселелерін шешуге берік эмпирикалық негіз береді. Зерттеудің қорытынды тұжырымында автор бірқатар статистикалық маңызды қатынастарға қарамастан, ислам саяси көзқарастарға араб және ислам қоғамының зерттеушілері жиі ұсынғаннан гөрі аз әсер ететінін және Палестина, Марокко, Алжир және Египеттен алынған дәлелдер кейбір батыс және басқа ғалымдар айтқандай, ислам демократияландыруға кедергі емес екенін көрсетеді.

Э. Макглинчи «Хаос, зорлық-зомбылық, әулет: Орталық Азиядағы саясат және ислам» атты еңбегінде Орталық Азияның бес елі Қазақстан,

Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның режимдерінің өзгеруіне қатысты зерттеулерді жүргізген, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның жаңа саяси тарихына толық сипаттама бере келе, осы елдердегі қазіргі билік құрылымын егжей-тегжейлі зерттеуді ұсынады [12]. Тіпті Орталық Азия елдерінің ұқсастықтары көп болғанымен, дін саласындағы өзіндік ерекшеліктерді әр мемлекеттің саяси ахуалынан аңғаруға болады.

Таяу Шығыс елдерінде дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас күрделі және тарихи, мәдени және саяси факторлармен анықталады. Оның ішінде діни институттармен және дәстүрлермен ғасырлар немесе тіпті мыңжылдықтардан бастау алатын терең тарихи байланыстарға ие. Отаршылдық пен империализм дәстүрлі билік құрылымдарын жойып, зайырлы идеологиялар енгізіле бастады, бұл өз кезегінде діни және зайырлы күштер арасындағы шиеленіске әкелді. Ал Орталық Азияның айырмашылығы тарихи тұрғыдан бұл аймақ ислам әлемінің бір бөлігі бола отыра, әртүрлі түркі және парсы империялары исламды басым дін ретінде қабылдады. Алайда исламның таралуы біртіндеп жүрді және исламға дейінгі әдет-ғұрыптар мен нанымдар ислам тәжірибесімен бірге сақталды [13].

Таяу Шығыс теократиялық режимдерден зайырлы республикаларға дейінгі мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың алуан түрлілігімен сипатталады. Иран мен Сауд Арабиясы сияқты кейбір елдерде дін басқаруда орталық рөл атқарады, ал діни қызметкерлер мемлекеттік институттар мен құқықтық жүйелерге айтарлықтай әсер етеді. Түркия мен Тунисте мемлекеттік институттар діни биліктен ресми түрде бөлінген зайырлылық модельді ұстанады [8].

Осы орайда, белгілі ғалым Роберт Д. Лидің «Таяу Шығыстағы дін және саясат: сәйкестік, идеология, институттар және қатынастар» [14] атты еңбегін атап өту маңызды. Себебі, бұл ғылыми еңбек Таяу Шығыстағы дін мен саясаттың өзара арақатынасы кең ауқымды қарастырылған зерттеу болып табылады. Кітапта зайырлылық, исламизм, азшылық құқықтары және мемлекеттік құрылыс сияқты тақырыптарды қамтитын Таяу Шығыстағы дін мен мемлекет арасындағы қатынастар туралы құнды ғылыми мәліметтер жинақталған. Сонымен бірге, автор дін мен саясаттың байланысын сәйкесінше тәуелсіз және тәуелді айнымалылар ретінде атап көрсетеді.

Ал енді ислам құқығы немесе шарифат саласына тоқтала кету керек, себебі көптеген Таяу Шығыс елдерінде заңнама мен құқықтану көзі ретінде қызмет етіп қана, құқықтық кодекстерге, отбасылық заңдарға және әлеуметтік нормаларға әсер етеді. Шарифат заңдарын түсіндіру мен қолдану әр түрлі елдерде және секталарда әр түрлі, бұл діннің қоғамдық өмір мен басқарудағы рөлі туралы пікірталастарға әкеледі [15].

Ислам құқығы мен шарифат мәселесінде Орталық Азия елдерінің Таяу Шығыс елдерінен айырмашылығы – тәуелсіздік алғаннан кейін зайырлылық

моделін таңдап, осы бағытта мемлекет пен дін арасындағы арақатынасты ұстанып келеді. Өзбекстан, Түрікменстанда исламды саяси оппозицияның әлеуетті көзі ретінде қарастыра отырып, діни институттар мен пікір білдіруді қатаң бақылауды қолдаса, Қазақстан мен Қырғызстанда жағдай өзгеше, онда дін бостандығын көтермелеу және белгілі бір діни плюрализмге жол беру арқылы неғұрлым либералды саясат жүргізуде. Дегенмен соңғы жылдары Қазақстанда дін мен мемлекет арасындағы қатынастарда қызу пікірталасқа түсуде, мысалы, дінтанушы Асылтай Тасболат зайырлылықтың классикалық моделі Қазақстанда тоқсаныншы жылдары болған деп есептейді. Ал қазіргі модель одан өзгереді. Яғни, оның пайымдауынша: «Егер мемлекеттік саясат исламды дұрыс және бұрыс деп бөлсе, бұл әртүрлі діни топтар арасындағы интеграция мен диалогқа кедергі келтіреді. Диалог зайырлылықтың ең қолайлы моделін табуға көмектеседі» [16]. Бұдан біз осы мәселенің Орталық Азия елдері үшін аса маңызды әрі күн сайын түрленіп бара жатқан әлемдік аренадағы ахуал өз әсерін тигізбей өтпейді. Оның ішінде, зайырлылық пен діндарлықтың арасындағы шиеленісті болдырмаудың жолдарын іздеу керек, себебі зайырлы элиталар көбінесе исламизмді тұрақтылық пен ұлттық бірлікке қауіп ретінде қарастырса, ал исламдық топтар мемлекеттік билікке қарсы тұруға және исламдық билікті ілгерілетуге тырысады. Дегенмен, бұл процестерді Орталық Азия мемлекеттері заң мен билік аясында ұстап отыр. Алайда, біз конфессиялық демократияның негіздерін алатын болсақ, онда діни тұрғыдағы қақтығыстарға жол берілмейді деп санаймыз.

Қоғам өмірінде орын алып отырған демократияландыру жолында қозғалыстар және азаматтық қоғамның рөлі Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдері үшін маңызды мәртебеге ие. Діни ұйымдар мен оның көшбасшылары Таяу Шығыстағы қоғамдық қозғалыстарда, қайырымдылық жұмыстарында және қауымдастықтарды ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Діни қайырымдылық ұйымдарын, ақпараттық-түсіндіру топтарын және бұқаралық қозғалыстарды қоса алғанда, азаматтық қоғам ұйымдары қоғамдық пікірге әсер етіп, саяси және әлеуметтік мақсаттарды қолдауға жұмылдыра алады. Исламшыл партиялар мен қозғалыстар Таяу Шығыстың бірнеше елдерінде сайлау саясатына қатысып, шариғат заңдарын сақтауды жақтай отырып, ықпалға ие болды [17]. Бұл өз кезегінде зайырлы күштермен шиеленісті қарым-қатынасқа және діннің қоғамдық саладағы тиісті рөлі туралы пікірталасқа әкелді.

Ал Орталық Азияда да әртүрлі исламдық қозғалыстар мен ұйымдар пайда болды. Кейбір топтар үлкен діни бостандықты және демократиялық шеңбердегі саяси өмірге қатысуды жақтайды, ал басқалары шариғат заңдарына негізделген ислам мемлекеттерін құруға ұмтылады. Дегенмен, конфессиялық демократия Орталық Азияда, соның ішінде діни экстремизм және этникалық шиеленісте елеулі проблемаларға тап болады. Азаматтық қоғам ұйымдары, халықаралық субъектілер мен діни көшбасшылар демократиялық реформалар мен әлеуметтік келісімді ілгерілетуде маңызды



рөл атқарады. Бұдан біз Орталық Азиядағы демократияландыру процесінің қарқындылығын көре аламыз.

Сонымен, Таяу Шығыста да, Орталық Азияда да дін мен мемлекеттің өзара әрекеті тарихи, саяси-әлеуметтік-мәдени факторлардың күрделі үйлесімімен айқындалатын үздіксіз процесс екенін аңғардық. Бұл байланысты түсіну басқару құрылымдарын, саяси процестерді, әлеуметтік динамиканы және аймақтық оқиғаларды талдау үшін маңызды. Екі аймақтағы көптеген проблемаларға қарамастан, діни әртүрлілікті құрметтейтін және саяси өмірге қатысуға ықпал ететін демократиялық басқаруды нығайтуға мүмкіндіктердің баршылығын атап өтуіміз керек.

### ***Қорытынды***

Конфессиялық демократияның өзіндік ерекшеліктері тән Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдеріндегі жағдайды әртүрлі жақтан баға беруге болады. Мысалы, Ливандағы конфессиялық демократияның әлісіреуі байқалғанымен, оның кейінгі уақытта институционалдық құрылымы күшті тұрақтылықты көрсеткені де рас. Және Таяу Шығыстағы ауыр жағдайға қарамастан, Ливан өзінің ұлттық бірегейлігі мен егеменді мемлекетін негізінен конфессиялық құрылымының арқасында сақтай алды. Сондықтан конфессиялық демократияның басты мақсаты – барынша демократиялық қағидаттарды діни қағидаттардың маңыздылығын ескере отырып, мұсылман халқы басым қоғамдардағы демократияландыру процесін одан әрі нығайту. Сондықтан, бұл процестің бірқатар тұстары зайырлылыққа апаратын белгілерінен байқауға болады. Мысалы, саяси плюрализм және екі аймаққа да тән мәдени және діни әртүрлілік, себебі, ол демократияландырудың негізгі индикаторы бола алады. Бұл аталғандарда да басқа маңызды критерийлер саяси жүйелер мен институттарды қалыптастырудағы демократиялық қағидаттар мен ислам құндылықтары арасындағы динамикалық өзара әрекеттесуді мойындай отырып, әртүрлі мәнмәтіндердегі исламдық демократияландыру әрекеттерімен байланысты прогресс пен проблемаларды бағалауға негіз береді.

Осы аймақтарға жалпылама салыстырмалы талдау жасай отырып, бұл зерттеуде әртүрлі қоғамдардағы конфессиялық демократияның мәніне, эволюциясына және салдарына барынша тоқталдық. Елдер діни сәйкестілік пен саяси басқарумен байланысты қиындықтарға тап болғандықтан, діни әртүрлілік жағдайында инклюзивті демократия мен бейбіт қатар өмір сүруді ілгерілету үшін негізделген саясат пен диалогты дамыту қажет.

Дегенмен, Таяу Шығыс пен Орталық елдеріндегі «конфессиялық демократия» құбылысының мазмұнын толық түсіну, оның әртүрлі аспектілерін, соның ішінде ұйымдық құрылымдарды, сайлау процесіндегі дауыс берудегі мінез-құлық үлгілерін, өкілдік қағидаттарын, қиындықтары мен бейімделу

жолдарын, демократиялық басқарудың кеңірек себеп-салдарларын зерттеуді әлі талап етеді. Сондықтан, географиялық жағынан шектесіп жатқан екі үлкен аймақтың геосаяси тұрғыда ұқсастықтары мен айрықша белгілері – саяси акторлардың әлеуетінен туындайтын біршама мәселелі тұстарын қазіргі таңда жан-жақты зерделеу ғалымдар, жас зерттеушілер үшін таптырмас зерттеу нысаны болмақ. Яғни, барлық жағынан да күрделі болып табылатын бұл тақырып әлі де болса сараптамалық зерттеулерді қажет етеді.

### *Әдебиеттер тізімі*

1 Barclay S.G. Consociationalism in Lebanon. Master's thesis, University of Pennsylvania, CUREJ, 2007. – 101 p.//<https://repository.upenn.edu/handle/20.500.14332/8720>.

2 Makdisi S., Marktanner M. Trapped by consociationalism: The case of Lebanon. // Topics in Middle Eastern and North African Economies. – 2009. Vol. 11. – P.1-15.

3 Джоробекова А.Э., Троицкий Е.Ф., Юн С.М., Тимошенко А.Г. Региональная безопасность в Центральной Азии в условиях возвращения талибов к власти: вызовы и угрозы, сценарии развития // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4, История. Регионоведение. Международные отношения. – 2023. – Т. 28, № 3. – С.187–196.

4 Rodrigues R.L. Confessionalization processes and their importance to the understanding of Western History in the Early Modern period (1530-1650) // Revista Tempo. –2017. – Vol.23. – n.1. – P. 1-21.

5 Reinhard W. Pressures towards confessionalization? Prolegomena to a theory of the confessional age. Tradução. In: Dixon, C. Scott (Ed.). The German reformation: Blackwell Essential Readings. Oxford: Blackwell, 1999. – pp. 169-192.

6 Schilling H. Early Modern European civilization and its Political and Cultural Dynamism. The Menahem Stern Jerusalem Lectures. – Lebanon: University Press of New England, 2008. – 144 p.

7 Bowering G. Islamic Political Thought: An Introduction. – Princeton University Press, 2015. – 304 p.

8 Volpi F. Political Islam: A Critical Reader. – Oxford, Routledge, 2010. – 488 p.

9 Jaulin T. Citizenship, Migration, and Confessional Democracy in Lebanon // Middle East Law and Governance, 2014. – 6(3) – P. 250–271.

10 Esposito J.L., Sonn T., Vollj. O. Islam and Democracy after the Arab Spring. – New York: Oxford University Press, 2016. – 320 p.

11 Tessler M. Islam and Democracy in the Middle East: The Impact of Religious Orientations on Attitudes toward Democracy in Four Arab Countries // Comparative Politics, 2002. – 34(3). – P. 337.

12 Mc Glinchey E. Chaos, Violence, Dynasty: Politics and Islam in Central Asia. – University of Pittsburgh Press, 2011. – 232 p.

13 Louw M. Everyday Islam in Post-Soviet Central Asia. – New York: Routledge, 2007. – 219 p.

14 Robert D. Lee Religion and Politics in the Middle East: Identity, Ideology, Institutions, and Attitudes. – 2nd Edition. – New York: Routledge, 2018. – 378 p.

15 Emon A.M., Ellis M.S., Glahn B. Islamic Law and International Human Rights Law: Searching for Common Ground? – Oxford University Press, 2012. – 400 p.

16 Ислам и светскость в Казахстане: в поисках нового баланса [Электронный ресурс]. URL: // <https://paperlab.kz/islam-i-svetskost-v-kazahstane-v-poiskah-novogo-balansa>.

17 Yildirim A.K. Muslim Democratic Parties in the Middle East: Economy and Politics of Islamist Moderation. – Indiana University Press, 2016. – 298 p.

*Transliteration*

1 Barclay S.G. Consociationalism in Lebanon. Master's thesis, University of Pennsylvania, CUREJ, 2007. – 101 p. // <https://repository.upenn.edu/handle/20.500.14332/8720>.

2 Makdisi S., Marktanner M. Trapped by consociationalism: The case of Lebanon. // Topics in Middle Eastern and North African Economies. – 2009. Vol. 11. – P.1-15.

3 Dzhorobekova A.EH., Troickij E.F., Yun S.M., Timoshenko A.G. Regional'naya bezopasnost' v Central'noj Azii v usloviyakh vozvrashcheniya talibov k vlasti: vyzovy i ugrozy, scenarii razvitiya [Regional Security in Central Asia in the Context of the Taliban's Return to Power: Challenges and Threats, Development Scenarios] // Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 4, Istoriya. Regionovedenie. Mezhdunarodnye otnosheniya. – 2023. – T. 28, № 3. – S.187–196.

4 Rodrigues R.L. Confessionalization processes and their importance to the understanding of Western History in the Early Modern period (1530-1650) // Revista Tempo. –2017. – Vol.23. – n.1. – P. 1-21.

5 Reinhard W. Pressures towards confessionalization? Prolegomena to a theory of the confessional age. Tradução. In: Dixon, C. Scott (Ed.). The German reformation: Blackwell Essential Readings. – Oxford: Blackwell, 1999. – pp. 169-192.

6 Schilling H. Early Modern European civilization and its Political and Cultural Dynamism. The Menahem Stern Jerusalem Lectures. – Lebanon: University Press of New England, 2008. – 144 p.

7 Bowering G. Islamic Political Thought: An Introduction. – Princeton University Press, 2015. – 304 p.

8 Volpi F. Political Islam: A Critical Reader. – Oxford, Routledge, 2010. – 488 p.

9 Jaulin T. Citizenship, Migration, and Confessional Democracy in Lebanon // Middle East Law and Governance, 2014. – 6(3) – P.250–271.

10 Esposito J.L., Sonn T., Voll J.O. Islam and Democracy after the Arab Spring. – New York: Oxford University Press, 2016. – 320 p.

11 Tessler M. Islam and Democracy in the Middle East: The Impact of Religious Orientations on Attitudes toward Democracy in Four Arab Countries // Comparative Politics, 2002. – 34(3). – P.337.

12 McGlinchey E. Chaos, Violence, Dynasty: Politics and Islam in Central Asia. – University of Pittsburgh Press, 2011. – 232 p.

13 Louw M. Everyday Islam in Post-Soviet Central Asia. – New York: Routledge, 2007. – 219 p.

14 Robert D. Lee Religion and Politics in the Middle East: Identity, Ideology, Institutions, and Attitudes. – 2nd Edition. – New York: Routledge, 2018. – 378 p.

15 Emon A.M., Ellis M.S., Glahn B. Islamic Law and International Human Rights Law: Searching for Common Ground? – Oxford University Press, 2012. – 400 p.

16 Islam i svetskost' v Kazakhstane: v poiskakh novogo balansa . [Elektronnyj resurs]. URL: <https://paperlab.kz/islam-i-svetskost-v-kazahstane-v-poiskah-novogo-balansa>

17 Yildirim A.K. Muslim Democratic Parties in the Middle East: Economy and Politics of Islamist Moderation. – Indiana University Press, 2016. – 298 p.

**Нуров М.М., Алияров Е.К., Несипкалиев Д.Е.**

**Сущность и эволюция формирования «конфессиональной демократии»: сравнительный анализ стран Ближнего Востока и Центральной Азии**

*Аннотация.* Особое внимание в статье уделяется процессу, определяющему сущность и эволюцию формирования конфессиональной демократии, ее развитие. Это связано с тем, что конфессиональная демократия, характеризующаяся пересечением религиозной идентичности и политического управления, является сложным явлением для поликонфессиональной страны. При этом на основе многомерного анализа политических, социальных и институциональных факторов проводится сравнительный анализ конфессиональной демократии на Ближнем Востоке и в Центральной Азии, рассматриваются ее исторические корни, различия, динамика в современных условиях и направления перспективного развития. Конечно, есть также роль религии в политике, влияние глобализации и ряд ключевых тенденций, которые способствуют политическому плюрализму и политической стабильности.

Анализируя ситуацию в мировой геополитике сегодня, исследуются сущность, эволюция и последствия политической модели. В историческом контексте, основываясь на институциональной динамике и событиях, происходящих в разных частях современного мира, исследование отражает общие черты, различия и межрегиональные тенденции в формировании конфессиональной демократии. На основе анализа конкретных примеров на Ближнем Востоке и в Центральной Азии в статье раскрываются проблемы и возможности управления различными обществами в условиях религиозного плюрализма. В этой связи будут проанализированы некоторые важные вопросы роли конфессиональной демократии в реалиях Казахстана.

*Ключевые слова:* конфессиональная демократия, ислам, Ближний Восток, Центральная Азия, религиозная идентичность, секуляризм, политическое управление.

**Nurov M., Aliyarov E., Nessipkaliyev D.**

**The Essence and Evolution of the Formation of «Confessional Democracy»: Comparative Analysis of the Countries of the Middle East and Central Asia**

*Annotation.* The article pays special attention to the process that determines the essence and evolution of the formation of confessional democracy, its development. This is due to the fact that confessional democracy, characterized by the intersection of religious identity and political governance, is a difficult phenomenon for a multi-confessional country. At the same time, on the basis of a multidimensional analysis of political, social and institutional factors, a comparative analysis of confessional democracy in the Middle East and Central Asia is carried out, its historical roots, differences, dynamics in modern conditions and directions of long-term development are considered. Of course, there is also the role of religion in politics, the impact of globalization and a number of key trends that contribute to political pluralism and political stability.

Analyzing the situation in world geopolitics today, the essence, evolution and consequences of the political model are investigated. In a historical context, based on institutional dynamics and events taking place in different parts of the modern world, the study reflects common features, differences and interregional trends in the formation of confessional democracy. Based on the analysis of specific examples in the Middle East and Central Asia, the article reveals the problems and possibilities of governing various societies in the context of religious pluralism. In this regard, some important issues of the role of confessional democracy in the realities of Kazakhstan will be analyzed.

*Keywords:* confessional democracy, Islam, Middle East, Central Asia, religious identity, secularism, political governance.